



Әбілмәжиттің еңбегі зор

Мен Әбілмәжит Олжабайұлымен сонау 1950 жылдан бері жақсы таныспын. Екеуіміз де мектеп табалдырығын бірге аттадық. Барак типтес мектебіміз пешпен жылытылатын. Қара шахта деген жерде орналасқан /қазіргі кеніштің орны/ мектептен жаяу келетінбіз.

1960 жылы біз қазақ мектебін бітіріп, үлкен өмірге қадам бастық. Сол жылы 10-класты А.О.Ахметов, Т.А.Құнанбаев, С.Алдешов, С.Әбілтаев, қыздар Б.И.Ысқақова, К.А.Тілеубердинова, А.Мұсабаева, А.Шаймерденова және Б.Малгелдина бітірді. Мектепті бір жылы бітірген Әбілмәжит екеуіміз жұбымыз жазылмай, Екібастұз қаласының көкөніс өсіретін бригадасына жұмысқа орналастық.

1961 жылы Әбілмәжит әскер қатарына шақырылды. Мен Павлодар қаласына оқуға аттандым. Бір-бірімізбен хабарласып тұрдық.

Әбілмәжитті еркелетіп «Қоңыртай» дейтін едік. Ол орта бойлы, қараторы, келісті жігіт болатын.

Кейін мен жолдамамен Баянауыл ауданына қызметке орналастым. Қоңыртай Екібастұз қаласында қалып, «Северный» кенішінде роторлы экскаваторда машинист болып жұмыс істеді.

Бір орында 40 жылдан аса еңбек еткен жолдасымның абыройы артып, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері атанып, «Қызыл ту» орденін өңіріне қадады.

Өкінішке орай жолдасым зейнеткерлік жасқа жетпеді, мезгілсіз дүниеден озды.

Әбілмәжит Олжабайұлы өмірден өтсе де, оның жарқын жүзі, адамгершілік қасиеті жадымызда қалды. Біз оны ұмытпаймыз.

Екібастұздың дамуына менің жолдасымның да қосқан үлесі зор.

С.Әбілтаев